

УДК 343.132

## **КҮДІКТІ АДАМДЫ ҰСТАУДАҒЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

**Нүридин Сандуғаш Нүридинқызы**

[nuridin2019@list.ru](mailto:nuridin2019@list.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының заң ғылымдарының магистрі, Нұр-Сұлтан қаласы.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының субъектілерінің бірі күдікті болып табылады. Күдікті - қылмыстық іс әрекетті жасады деп күдік тудырған, күмән келтірген жеке тұлға. Оның қылмыстық іс жүргізудегі құқықтық жағдайларының негізі Қазақстан Республикасының Қылмыстық Процестік Кодексінің 64-бабында тікелей бекітілген. Күдіктінің қылмыстық іс бойынша заңда көрсетілген негіздерде құқықтық реттеуі өте маңызды болып саналады. Бұл жердегі басты мәселе күдіктіні ұстау сәтінен басталады. Соның ішінде, құқықтық құрал арасында, заңда көрсетілген құқық қорғау органдарының қылмыстық сот ісін жүргізу жұмыс-тарының арасынан күдіктіні ұстау үлкен орын алады. Бұл тиімді шара —күдіктінің қылмысқа қатысы бар-жоқтығын анықтайтын және оны жазалау ретінде қамауға алатындығын көрсететін маңызды жағдай. Күдіктіні уақытында

ұстау оған алдын ала тергеуден қашуын және қылмыстық істің шындығын ашуға қарсы келуінен, қылмысты әрі қарай жалғастыруын тоқтатуына себеп болады [1].

Қылмыстық процесстік кодексте көрсетілген тәртіптер мен негіздерді сақтай отырып, күдіктінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын заңды түрде рәсімдеу басты мәселе болып саналады. Күдіктінің процесуалдық тұлғасы қылмыстық сот ісін жүргізуде анағұрлым күрделі болып табылады. Бұл қылмыстық әрекет бойынша ең алдымен күдікті деп тану мәселесін жан-жақты қарастырып, заңда көрсетілген тәртіптерде прокурордан санкцияны алу негіздері мен дәлелді қаулы шығару кезеңінен басталады. Осы сәттен бастап қылмыстық іс бойынша іс қозғалып тергеу әрекеттерінің процесі жүргізіледі. Жоғарыда көрсетілген негіздер мен алдына қойған мақсаттарды жан-жақты ашып көрсету үшін үш белгіні құрастырдық:

- 1) қылмыстық процесстегі ұстаудың жалпы сипаттамасы, ұстаудың мәні және негіздері, күдікті ретінде ұстаудың процесуалдық тәртібі;
- 2) ұстаудың криминалистикалық тактикасы түсінігі, жалпы ережелері;
- 3) уақытша ұстау изоляторының ішкі тәртіп ережелерін бекіту

Күдіктінің жағдайы ұстаудың шекті мерзімі жетпіс екі сағатты сақтау туралы заң талабымен күшейе түседі. Күдіктіге бұлттартпау шараларын қолданған жағдайларда адам күдікті жағдайында он тәуліктен астам бола алмайды[2].

Аталған мерзімдердің аяқталуы келесі шаралардың бірін қолдануды талап етеді:

- күдіктіні қамаудан босату;
- таңдап алынған бұлттартпау шараларын жоққа шығару;
- адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту.

Күдіктінің құқықтары жекеленген ерекшеліктерді есептемегенде айыпталушының құқықтарына сәйкес келеді. Күдікті:-қандай қылмыс жасағанына байланысты өзіне күдік таңылғандығын білуге;

- дәлелдер келтіруге;
- қалау-тілектерін мәлімдеуге және анықтаушының, тергеушінің, прокурордың іс-қимылы мен шешімдеріне шағымдар айтуына;
- ана тілінде әңгімелесуге және аудармашының қызметтерін пайдалануға;
- анықтаушыға, тергеушіге, аудармашыға, сарапшыға, маманға қарсылық білдіруін мәлімдеуге;

-жекелеген тергеу іс - қимылын жүргізуге қатысуға;

-өзіне ұстау хаттамасын немесе күзетпен қамауға алу түрінде бұлттартпау шараларын қолдану туралы қаулыны жариялаған сәттен бастап қорғаушы көмегін пайдалануға құқығы бар. Қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамды ұстау - оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлттартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын процесстік мәжбүрлеу шарасы [3].

Қылмыстық процесстік кодекстің 128-бабы бойынша көрсетілгендей, қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда:

1) ол адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталғанда; көрген адамдар, оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе;

3) ол адамда немесе оның киімінде, өзінде немесе оның тұратын үйінде қылмыстың анық ізі табылған кезде;

4) жедел іздестіру қызметінің заңға сәйкес алынған материалында ол адамға қатысты жасаған немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылуы мүмкін болатын қылмыс жасағандығына күдік келтірген адамды ұстауға құқылы. Адамның қылмыс жасағандығына күдіктенуге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуға әрекет жасаған не оның тұрақты тұратын жері болмаған, немесе күдіктінің жеке басы анықталмаған жағдайларда ғана ұсталады. Күдікті деп ұсталған азаматтардың өз құқығын білмеуі немесе одан мүлдем бейхабар болуы кей жағдайларда анықтау мен тергеу органдары тарапынан заңсыздықтарға әкеп соқтырғандығы

өмірде аз кездеспейді. Қылмыстық-процестік құқықта бекітілген негіздер бойынша, егер ол қылмыс жасағаны үшін күдікті деп танылса, ұсталған тұлғаның қылмысқа қатысы барын анықтау және оған алдын ала кесу шарасын қолдану негізінде жүргізіледі. Бұл тақырыптағы терең зерттеуді қажет ететін проблеманың бірі - қылмыстық процестегі күдікті адамның қылмыстық іс-әрекетке қатыстылығын заңдылық тұрғыдан дұрыс анықтау. Бұл мәселенің мәнісіне тереңірек ой жүгіртсек, жеке азаматты қылмыс жасауға күдікті ретінде жауапқа тартуда адамның болашақ тағдырын шешетін, сонымен қатар, қоғамдағы қылмыстық процесуалдық қатынастардың дамуында, әрбір жасалынған қылмыстың объективтік, субъективтік факторлардың алар орны ерекше болады.

Нақты жағдайға байланысты жедел іздестіру шараларын жүргізу арқылы сұрау салу, тексеру жүргізілу нәтижелері бойынша күдіктіні ұстап басып алу, тұрған жерде, жұмысында, көшеде жүргізіледі. Күдіктіге қаулыны көрсетіп, ұсталғаны жайында түсіндіріліп, қамауға алынады. Егер күдікті қоғамдық ортаға қауіпті екендігі айқындалса, онда оның не үшін ұсталғандығын хабарламауға болады. Бұл жағдайда күдіктіні ұстау қаулысы көрсетілмейді [4].

Менің көзқарасым бойынша, осы қолданудың бастаулары ретіндегі ұстау мотивтері ұстаудың тікелей, мақсаттарымен тығыз байланысты, ұстау қылмыс жасады деп күдіктелген тұлға оны ескерту ұстаудың тікелей мақсаттары болып табылатын әрекеттерді жасайды деп қауіппен түсіндіріледі, яғни анықтау мен тергеуден жалтарады, немесе қылмыстың іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтіреді немесе өзінің қылмыстық іс - әрекетін жалғастырады. Басқа сөздермен айтқанда бұлтартпау шарасын таңдау негіздері ұстау негіздерінің екінші қатарын құрайды деуге болады. Ұстау мотив объективті негізде пайда болатын субъективтік түрткі болып табылады. Ол қылмыстың іс материалдары негізінде, күдікті жағдайда аталған әрекеттерді жасайды деген қауіп туғызатын ақпарат негізінде құрылады. Ұстау бұлтартпау шарасымен тығыз байланысты, олардың шешетін міндеттері бір екені белгілі. Ұстау прокурордың санкциясыз тұлғаға оған қатысты әлі айып тағылмағанда кейінге қалдырылмайтын жағдайларда қолданылатын бұлтартпау шарасы. Заң ұстау мотивтерін осы бұлтартпау шарасының негізділігінің қосымша кепілі ретінде қарастырады. Ұстау мотивтері ұстау хаттамасында міндетті түрде көрсетілуі тиіс (ҚР ҚПК-нің 136-бабы). Ұстаудың мүмкін болатын мотивтерінің қатарына тұлғаға қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасының қолданудың негізін кейінірек қолдана алатын жағдайлар жатады (ҚР ҚПК-нің 140-бабы). Жекелеп айтсақ, ұстау мотивтерін күдікті бостандықта жүрген кезде:

- а) анықтаудан, тергеуден немесе соттан жалтарады;
- б) қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтіреді;
- в) қылмыстық әрекетін жалғастырады деген түрлі мәліметтер жатады.

Күдіктіге ұстауды қолдануда түрлі шешімді қабылдау кезінде келтірілген күдіктінің ауырлығын, күдікті тұлғаның тұлғасын, оның жасын, тұрғылықты тұратын жерінің болуын т.б. жағдайларды (мысалы, соттылығының болуы) ескере отырып, мотивті талдау керек (ҚР ҚПК-нің 141-бабы). Күдіктінің ол неден күдіктелетінін білу құқығы ұсталғанда ұстау негіздері дереу хабарланатындығымен, сондай-ақ ол жасады деп күдіктелген қылмыстың заң квалификациясы түсіндірілуі мен кепілденеді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу - қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы. Адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алу кезінде қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы оның нақты қандай күдік бойынша ұстап алынғанын ауызша хабарлайды, оған қорғаушы шақыру құқығын, үнсіздік сақтау құқығын және оның айтқандары сотта оған қарсы қолданылуы мүмкін екендігін түсіндіреді. Егер ұстап алынған адам қазақ және (немесе) орыс тілдерін білмесе, не ұстап алу кезінде алкогольден, есірт-кіден, уытқұмарлықтан масаң күйде не

психосоматикалық ауру жағдайында өзіне түсіндірілген құқықтарын бара бар қабылдай алмаса, онда күдіктінің құқықтарын түсіндіру одан күдікті ретінде жауап алу басталғанға дейін тиісінше аудармашының (қажет болған кезде) және (немесе) қорғаушының қатысуымен жүзеге асырылады, бұл туралы жауап алу хаттамасында белгі жасалады. Анықтау органының лауазымды адамы, анықтаушы, тергеуші ұстап алу хаттамасын жасайды. Күдікті тиісті өтініш хатты мәлімдеген кезде ол өз денсаулығының жалпы жағдайын және дене жарақаттарының бар-жоғын анықтау үшін дәрігердің куәландыруына жатады.

Қорыта келе, әрекет етіп тұрған заңға кейбір түзетулер енгізу керек. Әсіресе, жоғарыда айтқанымыздай, ұстау мотиві мәселені тәжірибедегі қызметкерлер үшін сондай-ақ ұстау кезінде қол сұқпаушылық кепілдіктерін күшейту үшін өте маңызды деп санаймын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізмі:**

1. Нұрмашев Ү.Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы. —Алматы: Жеті жарғы, 2008.
2. Ерешев Е.Қылмыстық ісжүргізу. Жалпы бөлім: Оқулық. —Алматы: «Өлке»баспасы, 2006.
3. Төлебекова Б.Қ.Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім):Оқулық. —Алматы:«Жеті-жарғы», 2005.
4. Шынарбаев Б.К. Жас тергеушілер мен анықтаушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар: Оқу-тәжірибелік құралы. —Алматы: Дәнекер, 2003.